

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 76-бабын бұзушылықтың болмағаны туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 9 шілдедегі № 109 шешімі

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы (бұдан әрі – Комиссия) Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 23 қарашадағы № 99 шешімімен бекітілген Трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылық туралы істерді қарау тәртібінің (бұдан әрі – Істерді қарау тәртібі) 44-тармағына сәйкес Комиссияның Бәсекелестік және монополияға қарсы реттеу жөніндегі Алқа мүшесі (Министр) М.А. Құсайыновтың қарау үшін ұсынған 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылық туралы істер жөніндегі 76-бабын бұзушылық туралы мәселені қарады.

2018 жылғы 23 қаңтардағы Істерді қарау тәртібінің 23-тармағына сәйкес істі қарау жөніндегі комиссия төрағасы, трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларының сақталуына бақылауды жүзеге асыруға уәкілетті, Комиссияның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын Комиссияның Монополияға қарсы департаментінің (бұдан әрі – Департамент) директоры А.Г. Сушкевич мыналардың:

істі қарау жөніндегі комиссия мүшелерінің:

Департамент директорының орынбасары Ж.Э. Биричтің;

Департамент директорының орынбасары А.А. Қалиевтің; Департаменттің шағымдарды қарау және нарықтарды зерттеу бөлімінің бастығы А.Б. Мұхамедиеваның;

Комиссиямен өзара іс-қимылға жауапты, бәсекелес (бәсекелестікке қарсы) саясатты іске асыру және (немесе) жүргізу құзыретіне кіретін Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі тиісінше – мүше мемлекеттер, Одақ) мемлекеттік билік органдары (бұдан әрі – уәкілетті органдар) қызметкерлерінің:

Федералдық монополияға қарсы қызмет (Ресей ФМҚК) Жарнаманы және жосықсыз бәсекелестікті бақылау басқармасының жосықсыз бәсекелестіктен қорғау бөлімінің бастығы Н.В. Кононованың;

Қырғыз Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік монополияға қарсы реттеу агенттігінің Бәсекелестік және Еуразиялық экономикалық комиссиямен өзара іс-қимыл секторының бас маманы С.О. Умарбекованың;

шағымданушы – "STANLBAU" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өкілі (Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Индустриалды парк, А 207 к-сі, 5-нөм.) (бұдан әрі – шағымданушы), "STANLBAU металл конструкциясы зауыты"

жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өкілі (Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, А 207 к-сі, 5-ғимарат) О.О. Йововтың;

жауапкерлер:

"Уральская станкопромышленная компания" жауапкершілігі шектеулі қоғамының корпоративтік және құқықтық мәселелер бойынша басшысы (Ресей Федерациясы, Екатеринбург қаласы, Малышева к-сі, 51-үй, 30/01-кеңсе) (бұдан әрі – "УСК" ЖШҚ) С.М. Немытовтың;

"УСК" ЖШҚ қаржы-заң басқармасы басшысының орынбасары С.В. Ефремованың қатысуымен істі қараудың аяқталғаны туралы хабарлады.

Істі қарау нәтижелері бойынша мыналар анықталды.

Бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидалары туралы хаттаманың 58-тармағына сәйкес (Шартқа № 19 қосымша) (бұдан әрі - № 19 қосымша) Комиссияға шағымданушының 2017 жылғы 2 ақпандағы № 05 шағымын қосымшаларымен бірге қоса алғанда Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің 2017 жылғы 2 наурыздағы шағымы (шығыс № 34-9/457-И (кіріс № 3760, 2017 жылғы 20 наурыз) және "УСК" ЖШҚ-ның іс-әрекеттерінде Шарттың 76-бабының 2-тармағын бұзушылық белгілері болуы мүмкіндігін көрсететін құжаттар (бұдан әрі – материалдар) келіп түсті.

Шағымданушының пікірі бойынша "УСК" ЖШҚ оның фирмалық атауын, зауыттың фотосуреттері мен сипаттамасын оның келісімінсіз өз сайты (<http://ur-spk.ru>) мен каталогтарында заңсыз пайдалану арқылы оның құқықтары мен заңды мүдделерін бұзған.

2017 жылғы 3 сәуірде Департамент Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 23 қарашадағы № 97 шешімімен (бұдан әрі - Шағымдарды қарау тәртібі) бекітілген Траншекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылық туралы шағымдарды (материалдарды) қарау тәртібінің 12-тармағына және 2013 жылғы 14 мамырдағы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының № 112 шешімінің 1-тармағына сәйкес уәкілетті органдарды (Армения Республикасының Экономикалық бәсекелестікті қорғау жөніндегі мемлекеттік комиссиясын, Беларусь Республикасының Монополияға қарсы реттеу және сауда министрлігін, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігін, Қырғыз Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік монополияға қарсы реттеу агенттігін, Ресей ФМҚК) материалдардың қаралуға қабылданғаны туралы хабардар етті.

Шағымдарды қарау тәртібінің 13-тармағына сәйкес Комиссияға уәкілетті органдардың жауапты қызметкерлерінің кандидатуралары туралы ұсыныстар келіп түсті.

Ұсынылған материалдарды қарау нәтижелері бойынша 2017 жылғы 2 мамырдағы трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтарға тексеру жүргізу туралы ұйғарымына сәйкес, Шағымдарды қарау тәртібінің № 19 қосымшасының 10-тармағы 1-тармақшасына, 14-тармағының 1-тармақшасына, 15 және

16-тармақтарына, Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 23 қарашадағы № 98 шешімімен бекітілген Трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтарға тексеру жүргізу тәртібінің (бұдан әрі – Тексеру тәртібі) 2 және 3-тармақтарына сәйкес және № 19 қосымшаның 12-тармағының, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2013 жылғы 14 мамырдағы № 112 шешімінің 1-тармағының, Тексеру тәртібінің 5-тармағының негізінде Департамент трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтарға тексеру жүргізуді бастады (бұдан әрі – тексеру), оны Тексеру тәртібінің 6-тармағына сәйкес, трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылық белгілерінің болуы немесе болмауы туралы тұжырым жасауға мүмкіндік беретін мәліметтердің жеткіліксіз болуына байланысты, Комиссияның бәсекелестік және монополияға қарсы реттеу жөніндегі Алқа мүшесі (Министрі) 2017 жылғы 4 қыркүйектегі трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтарға тексеру жүргізу мерзімін ұзарту туралы ұйғарымымен 60 жұмыс күніне ұзартты.

Тексеру жүргізу барысында Департамент № 19 қосымшаның 10-тармағының 4) тармақшасына және 13-тармағына, Тексеру тәртібінің III-бөліміне сәйкес құжаттарда, материалдарда жазылған фактілер жөніндегі мәліметтер туралы, оның ішінде "УСК" ЖШҚ-тың өз сайтында және каталогтарында шағымданушыға қатысты ақпаратты орналастыруы туралы, сондай-ақ мұндай ақпараттың мазмұны мен оны орналастырудың құқықтық негіздері туралы, олардың жұмыстарды орындағандарын, қызметтер көрсеткенін растайтын "УСК" ЖШҚ пен шағымданушы шарттарының көшірмелерін, "УСК" ЖШҚ пен шағымданушының тұтынушыларының материалдарда жазылған дәлелдер бойынша ұстанымдарын және тексеру жүргізу мақсаттары үшін қажетті басқа да ақпаратты жеке және заңды тұлғалардан, мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарынан тексеру жүргізу үшін қажетті ақпаратты, оның ішінде құпия ақпаратты, құжаттарды, мәліметтерді, түсініктемелерді жазбаша түрде сұратты.

Тексерудің нәтижелері бойынша "УСК" ЖШҚ-тың іс-әрекеттерінде Шарттың 76-бабының 2-тармағын бұзушылық белгілерінің болуына байланысты және № 19 қосымшаның 10-тармағының 2) және 3) тармақшаларының, Тексеру тәртібінің 11-тармағы 1) тармақшасының, 12 және 13-тармақтарының және Қарау тәртібінің 2-тармағының негізінде Комиссияның Бәсекелестік және монополияға қарсы реттеу жөніндегі Алқа мүшесі (Министрі) 2017 жылғы 27 қарашадағы трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылық туралы істі қозғау және қарау туралы ұйғарым қабылдады (бұдан әрі – іс қозғау туралы ұйғарым) және істі қарау жөнінде комиссия құрылды.

Тексеру тәртібінің 17-тармағына сәйкес іс қозғау туралы ұйғарымның көшірмесі белгіленген тәртіппен уәкілетті органдарға жіберілді.

Комиссияның Бәсекелестік және монополияға қарсы реттеу жөніндегі Алқа мүшесінің (Министрінің) тапсырмасы бойынша Департамент директоры А. Г. Сушкевич Істерді қарау тәртібінің 5-тармағына, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2013 жылғы 14 мамырдағы № 112 шешімінің 1-тармағына сәйкес істі қарау жөніндегі комиссия төрағасы болып белгіленді.

Істерді қарау тәртібінің 17-тармағына сәйкес істі қарауға қатысатын тұлғалар 2017 жылғы 27 қарашадағы іс қозғау туралы ұйғарым арқылы істі қараудың күні мен орны туралы хабарланды.

2017 жылғы 11 желтоқсанында істі қарау жөніндегі комиссия төрағасы Істі қарау тәртібінің 19-тармағы ережелерінің іске асырылуын қамтамасыз етті.

Істі қарау тәртібінің 20-тармағына сәйкес істі қарау барысында істі қарауға қатысатын тұлғалар тыңдалды, келіп түскен өтінішхаттар қаралып, талқыланды, олар бойынша тиісті шешімдер қабылданды, бұл істі қарау жөніндегі комиссия отырысының хаттамасында көрсетілді, дәлелдемелер зерттелді, іске қатысатын басқа да тұлғалар ұсынған дәлелдемелерге қатысты істі қарауға қатысатын тұлғалардың пікірлері мен түсіндірмелері тыңдалды.

Сондай-ақ қосымша дәлелдемелер алу қажеттігіне байланысты істі қарауды кейінге қалдырудың негіздері мен орындылығы туралы мәселелер талқыланды.

Шағымданушының "УСК" ЖШҚ-ның жұмыстарын (көрсететін қызметтерін) және т.б. өзара алмастыратын жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындау каталогының жобасын келісу тәртібін регламенттейтін қосымша дәлелдемелер алу мақсатында Істерді қарау тәртібінің 27-тармағының 2) тармақшасына сәйкес істі қарау жөніндегі комиссия тиісті ақпаратты сұратты, ал істі қарау Істерді қарау тәртібінің 32-тармағына және 41-тармағының 5) тармақшасына сәйкес кейінге қалдырылып, 2018 жылдың 23 қаңтарына ауыстырылды.

Істі қарау жөніндегі комиссияның төрағасы Істерді қарау тәртібінің 19-тармағының ережелерін іске асырғаннан кейін 2018 жылғы 23 қаңтарда істі қарауды жалғастырды, оның ішінде қосымша ұсынылған құжаттардың (мәліметтер мен түсініктемелердің) толықтығы тексерілді, істі қарауға қатысатын тұлғаларға шағымданушы мен жауапкердің негізгі қызмет түрлеріне, олардың арасындағы бәсекелестік қатынастарға, іске асырылған жобалардың көлеміне және т.б. қатысты сұрақтар қойылып, жауаптар алынды, бұл істі қарау жөніндегі комиссия отырысының хаттамасында көрсетілді.

2018 жылғы 23 қаңтарда істі қарау жөніндегі комиссия отырысының нәтижелері бойынша, іс бойынша дәлелдемелерді зерттегеннен, істі қарауға қатысатын тұлғалардың пікірлері айтылғаннан, істі қарау жөніндегі комиссия зерттейтін мән-жайлар туралы мәліметтері бар тұлғаларға сұрау жүргізілгеннен кейін Істерді қарау тәртібінің 23-тармағына сәйкес мыналар анықталды.

"УСК" ЖШҚ өз қызметін Ресей Федерациясының аумағы мен Қазақстан Республикасының аумағына бояу-құрғату камераларын беруге шарттар жасасу арқылы

жүзеге асырған (2016 жылғы 29 ақпандағы № 29-02-2016, 2016 жылғы 23 қаңтардағы № АБЗ Пос Аст 141, 2016 жылғы 30 маусымдағы № 30-06-2016, 2015 жылғы 27 шілдедегі № 27/07/15, 2015 жылғы 4 тамыздағы № 2207-2015, 2015 жылғы 1 маусымдағы № 217, 2015 жылғы 18 ақпандағы № 22-1802-2015, 2014 жылғы 13 қазандағы № 01-210-2014, 2014 жылғы 13 қазандағы № 02-210-2014, 2014 жылғы 13 қазандағы № 03-2010-2014, 2014 жылғы 13 қазандағы № 04-2010-2014, 2014 жылғы 13 қазандағы № 06-2010-2014, 2014 жылғы 1 тамыздағы. № 2807-2014, 2014 жылғы 24 маусымдағы № 103-2014 Шарттар).

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2012 жылғы 19 желтоқсандағы № 29 шешімімен бекітілген Нарықты трансшекаралыққа жатқызу критерийлерінің 2-тармағының (бұдан әрі – Критерилер), Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2013 жылғы 30 қаңтардағы № 7 шешімімен бекітілген Бәсекелестіктің жай күйін бағалау әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) 2-тармағының "б" тармақшасының және 26-тармағының негізінде Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасының аумақтары тауар нарығының географиялық шекаралары болып айқындалғаны, ал нарықтың трансшекаралыққа жататындығы белгіленді.

Бұдан басқа, тауарларға (көрсетілетін қызметтерге) қатысты жасалған шарттарға жасалған зерттеулердің және Әдістеменің 2-тармағының "а" тармақшасына, 4-тармақтың екінші абзацына және 15-тармағына сәйкес мүше мемлекеттердің аумақтарында қабылданған экономикалық іс-қимылдар, өнімдер, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер түрлерінің сыныптауыштары негізінде тауар нарығының алдын ала азық-түлік шекаралары бояу-құрғату камераларын қою бойынша көрсетілетін қызметтер ретінде айқындалды.

Тауар нарығын зерттеудің, оның ішінде бәсекелестіктің жай-күйін бағалау мақсатындағы уақытша интервал болып Әдістеменің 6-тармағына сәйкес материалдарда көрсетілген – трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзу мүмкін болатын кезең ретінде 2015 жылғы 1 қаңтардан 2017 жылғы 30 маусымға дейінгі кезең айқындалды.

Сондай-ақ, "УСК" ЖШҚ (НМТН 1106672019475, ИНН 6672326438, мекенжайы: 620075, Ресей Федерациясы, Свердлов облысы, Екатеринбург қаласы, Малышев к-сі, 51-үй, 30/01-кеңсе, "Высоцкий" бизнес орталығы, тіркелу күні – 2010 жылғы 25 қараша) – Ресей Федерациясының шаруашылық субъектісі деп белгіленді.

Шағымданушы (БИН 060440003930, мекенжайы: Астана қаласы, Есіл ауданы, Д. Қонаев к-сі, 12/2-үй, 15-пәтер, бастапқы тіркелу күні – 2006 жылдың 20 сәуірі) және онымен бір тұлғалар тобына кіретін "STAHLBAU металл конструкциялары зауыты" ЖШС (Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Индустриалды паркі, А 207 к-сі, 5-нөмір) Қазақстан Республикасының шаруашылық субъектілері болып табылады және № 19 қосымшаның 2-тармағы 5) тармақшасының тоғызыншы абзацының ережелеріне сәйкес бірегей шаруашылық субъектісі ретінде қарастырылады.

Жазылғандарды ескере отырып және Критерийлердің 3-тармағына сәйкес Шарттың 76-бабының 2-тармағын бұзушылық белгілері бойынша "УСК" ЖШҚ қатысты істі қарау Комиссияның құзыретіне жатады.

Істі қарау барысында шағымданушы "УСК" ЖШҚ-тың заңға қайшы әрекеттеріне дәлел ретінде алғашқы беттерінде "Уральская станкопромышленная компания" SPK Group" көрсетілген каталогтардың түпнұсқаларын ұсынды және "Біздің өндіріс" бөлімінің 64 және 72-беттерінде Астана қаласындағы (Қазақстан Республикасы) SPK Group – STANLBAU (Стальбау) металл конструкцияларын жасау жөніндегі зауыт туралы ақпарат, Астана қаласы мен Екатеринбург қаласындағы байланыс деректері, зауыт цехының фотолары мен жалпы сипаттамасы (зауыттың аумағы, өндірілетін өнімдер тізбесі) берілген.

Шағымданушы "УСК" ЖШҚ-қа көрсетілген ақпаратты пайдалануға келісімін және (немесе) рұқсатын бермегенін атап айтты.

Комиссия шағымданушы ұсынған каталогтарда таралымы және оның басылу орны туралы мәліметтердің жоқтығын көрсетті.

Істі қарау барысында шағымданушы ұсынған материалдарды "УСК" ЖШҚ-тың басып шығару фактісін растайтын құжаттарды ұсынбады.

Сонымен бірге "УСК" ЖШҚ өзінің іс әрекетінде көрсетілген бөлікте жосықсыз бәсекелестік белгілерінің жоқтығына дәлел ретінде мынадай каталогтарды ұсынды: "Өнеркәсіп кәсіпорындарын жобалау, салу және жаңғырту (2014 – 2015 жж.)", "Жуу камералары (2015 ж.)", "Беттерді дайындау және бояу кешені бойынша – өнеркәсіп кәсіпорындарын жобалау, салу және жаңғырту (2015 жылдың I-жартыжылдығы)", "Үстіңгі беттерді дайындау және бояу кешені бойынша – бояу өндірісін жобалау, салу және жаңғырту (2015 ж.)", "Жуу камералары – бояу өндірісін жобалау, салу және жаңғырту (2016 ж.)", "Стандартты емес жабдықтар – бояу өндірісін жобалау, салу және жаңғырту (2016 ж.)", "Өнеркәсіп өндірісіне арналған бояуды кешенді шешу бойынша – бояу өндірісін жобалау, салу және жаңғырту (2016 ж.)", "Жобалар – бояу өндірісін жобалау, салу және жаңғырту (2016 ж.)", "Жобалар – бояу өндірісін жобалау, салу және жаңғырту (2017 ж.)".

Көрсетілген каталогтарды қарау нәтижелері бойынша істі қарау жөніндегі комиссия каталогта шағымданушының "УСК" ЖШҚ-тың филиалы, өкілдігі, еншілес серіктестігі болып табылатыны туралы ақпараттың бар екенін анықтамады.

Бұл ретте, "Өнеркәсіп кәсіпорындарын жобалау, салу және жаңғырту (2014 – 2015 жж.)" каталогының 28-ден 37-ге дейінгі беттерінде "Іске асырылған жобалар" бөлімінде "УСК" ЖШҚ-ның шағымданушының мекенжайына жеткізу шарты бойынша жеткізген бояу-кептіру камерасының фотосуреті және оның техникалық сипаттамасы келтірілген.

Сондай-ақ, көрсетілген беттердің жоғарғы бөліктерінде "STANLBAU (Стальбау) металл конструкцияларын жасау жөніндегі зауыт" Астана қаласы (Қазақстан). Бояу-кептіру камерасы" деген жазу бар.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, шағымданушы ұсынған каталогтарды және "УСК" ЖШҚ ұсынған каталогтарды "УСК" ЖШҚ-тың іс-әрекеттерінде Шарттың 76-бабының 2-тармағын бұзушылық белгілерінің болуы туралы дәлелдемелерге жатқызу мүмкін емес.

"УСК" ЖШҚ сайтында (<http://ur-spk.ru>) шағымданушы туралы ақпарат орналастырудан келіп шығатын "УСК" ЖШҚ-тың іс-әрекеті бөлігінде, шағымданушының 2016 жылғы 20 шілдеде нотариус У.С. Мұхамеджанова жасаған қарап тексеру мен заттай дәлелдемелерді зерттеу хаттамасын ұсынғаны белгілі болды, одан "УСК" ЖШҚ өзінің (<http://ur-spk.ru>) сайтында "Біздің өндіріс" бөлімінде 2016 жылғы 20 шілдедегі жағдай бойынша шағымданушы зауытының фотосуреттерін (қасбет, ішкі жай-күйі, жабдықтар мен механизмдер), оның сипаттамасын, байланыстарын орналастырған және SPK Group компаниясының Қазақстан Республикасындағы жекеменшік өндірісінің Астана қаласындағы (Қазақстан Республикасы) SPK Group – STANLBAU (Стальбау) металл конструкцияларын жасау жөніндегі зауыттың өндіріс алаңымен ұсынылғанын көрсеткен.

Сонымен бір уақытта "УСК" ЖШҚ шамамен 2016 жылғы 4 сәуірден 1 қазан аралығында өзінің (<http://ur-spk.ru>) сайтында "Біздің өндіріс" бөлігінде Астана қаласындағы (Қазақстан Республикасы) SPK Group – STANLBAU (Стальбау) металл конструкцияларын жасау жөніндегі зауыт туралы ақпаратты, зауыт цехтарының фотосуреттерін және жалпы сипаттамасын (зауыттың аумағы, өндірілетін өнімдер тізбесі) орналастырғанын 2017 жылғы 21 желтоқсандағы № 327 хатында хабарлады, бұл 2017 жылғы 21 желтоқсанда нотариус О.В. Филиппова жасаған дәлелдемелерді қарап тексеру хаттамасымен расталады.

Осылайша, істі қарау жөніндегі комиссия "УСК" ЖШҚ өзінің (<http://ur-spk.ru>) сайтында Астана қаласындағы (Қазақстан Республикасы) SPK Group – STANLBAU (Стальбау) металл конструкцияларын жасау жөніндегі зауыт туралы ақпаратты, зауыт цехтарының фотосуреттерін және жалпы сипаттамасын (зауыттың аумағы, өндірілетін өнімдер тізбесі) орналастырғанын анықтады.

"УСК" ЖШҚ-тың түсініктемесіне сәйкес, шағымданушы мен "УСК" ЖШҚ жүзеге асырылатын іс-әрекеттің бір түрі бойынша да бәсекелес болып табылмайды, оның дәлелі ретінде "УСК" ЖШҚ шарттардың, сертификаттардың және т.б. көшірмелерін ұсынды, олар с мaтeрaиaлдaдырaнa тiгiлгeн жәнe oлaрдaн мaзмұнaнaн "УСК" ЖШҚ-тың негізгі қызмет түрі стандартқа сай емес жабдықтарды, оның ішінде бояу-кептіру камераларын өндіру болып табылатыны көрінеді. Бұл ретте "УСК" ЖШҚ бояу-кептіру камераларына металл конструкцияларын жасамайды, жұмыстың бұл түрлері жасалатын мердігерлік шарттар шеңберінде жүзеге асырылады.

Шағымданушының 2018 жылғы 9 қаңтардағы № 2 хатымен жазбаша түсініктемелер мен басқа да материалдар ұсынылды, оған сәйкес шағымданушы 2014 жылғы 1

қаңтардан 2017 жылғы 30 маусым аралығындағы кезеңде бояу-кептіру камераларын әзірлеу жөніндегі жұмыстарды жүзеге асырмаған.

Сонымен бірге шағымданушы "Агросервис-Батыс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен шағымданушы арасында 2016 жылғы 14 қыркүйекте жасалған № 140916 жеткізу шартына 2016 жылғы 12 желтоқсандағы № 1 қосымша келісімнің көшірмесін қоса ұсынды, оған сәйкес шарттың қолданысы мен бояу-кептіру камерасын әзірлеуге арналған сызбаларды ұсыну мерзімі 2018 жылғы 31 тамызға дейін ұзартылған (бұзушылықтың болжамды мерзімінің шегінен шығады).

Сондай-ақ істі қарау барысында шағымданушы шот-фактуралардың, басалқы заттарды басқа тарапқа жіберу жүкқұжаттарының, өндірілетін өнімге жасалған сызбалардың, есеп айырысуды салыстыру актілерінің көшірмелерін ұсынған, соларға сәйкес шағымданушы жүзеге асыратын қызмет түрлері (жұмыстарды жүзеге асыру, қызметтер көрсету) "УСК" ЖШҚ жүзеге асыратын қызмет түрлеріне сәйкес болып табылмайды.

Сонымен бір уақытта шағымданушы өкілінің өтінішхаты бойынша істі қарау аясында құжаттар көшірмелері іс материалдарына тіркелді, олардың мазмұнынан "Полистирол Астана" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2016 жылы шағымданушыға бояу-кептіру камерасын жеткізу туралы коммерциялық ұсыныс жасағанын көрсетеді.

Бұдан әрі "Полистирол Астана" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі менеджерлерінің "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желіде шағымданушының SPK Group ресейлік кәсіпорынның меншігі болып табылатыны туралы ақпаратты табуына байланысты, көрсетілген серіктестік кәсіпкерлік және заңды тәуекелдерді болдырмау мақсатында шағымданушымен де SPK Group ресейлік кәсіпорнымен де жұмыс жасамау туралы шешім қабылдады.

Жоғарыда жазылғандарды, сондай-ақ коммерциялық ұсыныстың бағытының заңды мәні бар салдарларға алып келмейтінін және нарыққа қатысушыларды шарт жасасуға мәжбүрлемейтінін ескере отырып, істі қарау жөніндегі комиссия көрсетілген іс-әрекеттер басқа шаруашылық субъектілеріне (нарық субъектілеріне) – бәсекелестерге нұқсан келтірген немесе келтіруі мүмкін іс-әрекеттер ретінде қарастырыла алмайды деген шешімге келді.

Бұдан басқа, істі қарау жөніндегі комиссия іс материалдарына нарыққа 39 қатысушыға - "УСК" ЖШҚ пен шағымданушы өндіретін тауарларды (көрсетілетін қызметтерді) тұтынушы немесе ықтимал тұтынушы болып табылатын Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасының шаруашылық субъектілеріне жргізілген сауалнаманы жинақтады.

19 шаруашылық субъектісінен жауап алынды, оларға сәйкес:

олар "УСК" ЖШҚ пен шағымданушыны бәсекелес деп есептей ме деген мәселеге келетін болсақ, 14 шаруашылық субъектісі бұл мәселе бойынша түсініктің жоқтығы немесе ақпараттың жоқтығы туралы хабарлады, 4 шаруашылық субъектісі "УСК"

ЖШҚ пен шағымданушы металл конструкциялары нарығында бәсекелес болып табылмайды деп есептейді;

олар сайтта және жарнама каталогтарында орналастырылған ақпаратқа байланысты шағымданушы "УСК" ЖШҚ-тың филиалы (өкілдігі) болып табылады деп есептей ме деген мәселе бойынша 6 шаруашылық субъектісі бұл мәселе бойынша түсініктің жоқтығы немесе қажетті ақпараттың жоқтығы туралы хабарлады, 3 шаруашылық субъектісі бұны мүмкін деп есептейді, 10 шаруашылық субъектісі шағымданушы "УСК" ЖШҚ-тың филиалы (өкілдігі) деп есептемейді.

Бұдан басқа, сауалнама жүргізілген шаруашылық субъектілерінің бір де бірі Астана қаласындағы (Қазақстан Республикасы) SPK Group – STANLBAU (Стальбау) металл конструкцияларын жасау жөніндегі зауыт туралы ақпаратты, Астана қаласы мен Екатеринбург қаласындағы байланыс деректерін, зауыт цехтарының фотосуреттері мен жалпы сипаттамасын (зауыт аумағы, өндірілетін өнімдер тізбесі) қамтитын каталогтарды ұсынбады.

№ 19 қосымшаның 2-тармағының 14) тармақшасына сәйкес жосықсыз бәсекелестік дегеніміз шаруашылық субъектісінің (нарық субъектісінің) (тұлғалар тобының) немесе бірнеше шаруашылық субъектілерінің (нарық субъектілерінің) (тұлғалар топтарының) мүше мемлекеттің заңнамасына, іскерлік айналым әдеттеріне, әдептілік талаптарына, парасаттылыққа және әділеттілікке қайшы келетін және басқа шаруашылық субъектілеріне (нарық субъектілеріне) – бәсекелестерге нұқсан келтірген немесе келтіруі мүмкін не олардың іскерлік беделдеріне зиян келтірген немесе келтіруі мүмкін, кәсіпкерлік қызметте басымдыққа ие болуға бағытталған әрекеттер.

Істің көрсетілген мән-жайларын назарға ала отырып, істі қарау жөніндегі комиссия "УСК" ЖШҚ пен шағымданушы 2015 жылғы 1 қаңтардан 2017 жылғы 30 маусым аралығындағы кезеңде бояу-кептіру камераларын, бытыра ағынды камераларды сату нарығында, түрлі модификациядағы металл конструкцияларын әзірлеуде бәсекелес болмаған деп белгіледі. Осыған байланысты, істі қарау жөніндегі комиссияның пікірі бойынша, "УСК" ЖШҚ-тың өз (<http://ur-spk.ru>) сайтында, "Біздің өндіріс" бөлімінде "STANLBAU" ЖШС зауытының фотосуреттерін (қасбет, ішкі жай-күйі, жабдықтар мен механизмдер), оның сипаттамасын, байланыстарын, SPK Group компаниясының жеке өндірісі Қазақстан Республикасында Астана қаласындағы (Қазақстан Республикасы) SPK Group – STANLBAU (Стальбау) металл конструкциялары зауытының өндіріс алаңымен ұсынылған деп көрсетуі Шарттың 76-бабының 2-тармағын бұзушылық деп танылмайды, өйткені трансшекаралық нарықта "УСК" ЖШҚ пен шағымданушы арасындағы бәсекелестік қатынастарға дәлелдемелер ұсынылмаған.

Жоғарыда жазылғандарды ескере отырып, істі қарау жөніндегі комиссия 2018 жылғы 23 қаңтарда Істерді қарау тәртібінің 23-тармағына сәйкес істі қараудың аяқталғаны туралы және Комиссия Алқасы шешімінің жобасын дайындау туралы, оны Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98

шешімімен бекітілген, Комиссия Алқасының Еуразиялық экономикалық комиссия Регламентінде көзделген тәртіпте қарауы үшін ұсыну мақсатында Комиссияның бәсекелестік және монополияға қарсы реттеу жөніндегі Алқасының мүшесіне (Министрге) жіберу туралы хабарлады.

№ 19 қосымшаның 10-тармағының 3) тармақшасын, Істерді қарау тәртібінің 44-тармағын және 46-тармағының 1) тармақшасын басшылыққа ала отырып Комиссия Алқасы **шешті**:

"УСК" ЖШҚ-тың Шарттың 76-бабының 2-тармағын бұзуы туралы істі қарау оның іс-әрекеттерінде трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтың болмауына байланысты тоқтатылсын.

Осы Шешімге Одақ Сотында белгіленген тәртіпте шағым жасалуы мүмкін.

Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян